

М.З. Сейдина^{1*} , **Ж.С. Бекбаева²** , **Ж.Т. Махамбетова²** 

¹Ж. Ташенов университеті, Шымкент, Қазақстан

²Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

*e-mail: moldir_03_87@mail.ru

ТОЛЕРАНТТЫЛЫҚ БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТЕРДІҢ СЫНИ ОЙЛАУЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТӘСІЛДЕМЕСІ РЕТІНДЕ

Мақалада жаһандану дәуіріндегі толеранттылықтың өзектілігі мен болашақ педагогтердің сыни ойлауын қалыптастырудағы толеранттылық тәсілдеменің маңызы қарастырылады. Авторлар толеранттылықты болашақ педагогтердің сыни ойлауында объективті талдауға, дербес қорытынды жасауға, ақпаратты бағалау дағдыларын дамытуға ықпал ететіндігін негіздейді. Сонымен қатар, болашақ педагогтердің кәсіби этикасының ажырамас бөлігі ретінде толеранттылық тәсілдемені келесідей зерделейді: ашық болу, мектептегі білім алушылардың әртүрлі пікірлері мен мәдени ерекшеліктерін ескеруге дайын болу, гуманизм, эмпатия, жауапкершілік т.б.

Авторлар Web of Science және Scopus халықаралық деректер базасында жарияланған ғылыми жарияланымдарды мақала тақырыбына сәйкес 4 бағытта қарастырады: 1) жеке тұлғаның (дара ерекшелікті) құрметтеу; 2) әртүрлілікті (айырмашылықты) қабылдау; 3) тыңдау және диалог; 4) сынды қабылдай білу және келісімге келу. Сонымен бірге толеранттылық және сыни ойлау мәселелері бойынша жарияланған ғылыми еңбектерді келесідей топтастырады: 1) ғылыми мақалалар бойынша; 2) оқулықтар мен әдістемелік құралдар бойынша; 3) нормативтік құжаттар және халықаралық декларациялар бойынша; 4) психологиялық тренингтер мен жаттығулар бойынша; 5) кейстер және практикалық тапсырмалар бойынша; 6) бейнематериалдар мен дәрістер бойынша; 7) анықтамалық және интерактивті ресурстар бойынша.

Ж. Ташенов атындағы университеттің «Педагогика және психология», «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандықтары бойынша сауалнама жүргізіліп, толеранттылық деңгейлері (жүйелік ойлау, рефлексиялық, шығармашылық, коммуникативтілік, бағалаушылық) мен компоненттеріне (түсіну, өзара түсіну, ынтымақтастық) сәйкес бастапқы және соңғы эксперимент жүргізілді. Сыни ойлауды қалыптастырудың кезеңдеріне (дайындық, топтарға бөлу және нұсқаулық, сыни ойлауды құрылымдау, рефлексия және жалпылау, бағалау және кері байланыс) сәйкес қолданылған тиімді әдістердің жиынтығына талдаулар жасалынады.

Түйін сөздер: толеранттылық, толеранттылық тәсілдеме, сыни ойлау, түсіну, өзара түсіну, ынтымақтастық, тәсілдеме.

M.Z. Seidina ^{1*}, Zh.S. Bekbayeva ², Zh.T. Makhambetova ²

¹Tashenov University, Shymkent, Kazakhstan

²L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

*e-mail: moldir_03_87@mail.ru

Tolerance as an Approach to the Formation of Critical Thinking of Future Teachers

The article addresses the relevance of tolerance in the era of globalization and the importance of a tolerant approach in the formation of critical thinking of future teachers. The authors justify that tolerance promotes objective analysis, independent conclusion, and the development of information assessment skills in the critical thinking of future teachers. In addition, a tolerant approach is being studied as an integral part of the professional ethics of future teachers in the following ways: openness, willingness to take into account different opinions and cultural characteristics of students at school, humanism, empathy, responsibility, etc.

The authors consider scientific publications published in the international databases Web of Science and Scopus, in accordance with the topic of the article in 4 directions: 1) Respect for individuality (singularity); 2) Acceptance of diversity (differences); 3) Listening and dialogue; 4) The ability to accept criticism and reach an agreement. At the same time, published scientific works on tolerance and critical thinking are grouped as follows: 1) On scientific articles; 2) On textbooks and methodological manuals; 3) On normative documents and international declarations; 4) On psychological trainings and exercises;

5) On cases and practical tasks; 6) On video materials and lectures; 7) On reference and interactive resources.

A survey is conducted among students specialized in "Pedagogy and Psychology" and "Pedagogy and Methods of Primary Education" of the University named after Zh. Tashenev, the initial and final experiment carried out in accordance with the levels (systemic thinking, reflexive, creative, communicative, evaluative) and components of tolerance (understanding, mutual understanding, cooperation). The analysis of the set of effective methods used is carried out in accordance with the stages (preparation, division into groups and instruction, structuring of critical thinking, reflection and generalization, evaluation and feedback) of the formation of critical thinking.

Keywords: tolerance, tolerant approach, critical thinking, understanding, mutual understanding, cooperation, approach.

М.З. Сейдина ^{1*}, Ж.С. Бекбаева ², Ж.Т. Махамбетова ²

¹Университет Ж. Ташенева, Шымкент, Казахстан

²Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

*e-mail: moldir_03_87@mail.ru

Толерантность как подход к формированию критического мышления будущих педагогов

В статье рассматривается актуальность толерантности в эпоху глобализации и значение толерантного подхода в формировании критического мышления будущих педагогов. Авторы обосновывают, что толерантность способствует объективному анализу, самостоятельному заключению, развитию навыков оценки информации в критическом мышлении будущих педагогов. Кроме того, изучается толерантный подход как неотъемлемая часть профессиональной этики будущих педагогов следующим образом: открытость, готовность учитывать различные мнения и культурные особенности обучающихся в школе, гуманизм, эмпатия, ответственность и др.

Авторы рассматривают научные публикации, опубликованные в международной базе данных Web of Science и Scopus, в соответствии с тематикой статьи в 4 направлениях: 1) уважение индивидуальности (особенностей); 2) принятие разнообразия (различия); 3) слушание и диалог; 4) умение принимать критику и достигать согласия. Вместе с тем, опубликованные научные труды по вопросам толерантности и критического мышления группируются следующим образом: 1) по научным статьям; 2) по учебникам и методическим пособиям; 3) по нормативным документам и международным декларациям; 4) по психологическим тренингам и упражнениям; 5) по кейсам и практическим заданиям; 6) по видеоматериалам и лекциям; 7) по справочным и интерактивным ресурсам.

Проводится анкетирование студентов специальностей «Педагогика и психология», «Педагогика и методика начального обучения» университета им. Ж. Ташенева, начальный и завершающий эксперимент в соответствии с уровнями (системное мышление, рефлексивное, творческое, коммуникативное, оценочное) и компонентами толерантности (понимание, взаимопонимание, сотрудничество). Проводится анализ совокупности применяемых эффективных методов в соответствии с этапами (подготовка, деление на группы и инструктаж, структурирование критического мышления, рефлексия и обобщение, оценка и обратная связь) формирования критического мышления.

Ключевые слова: толерантность, толерантный подход, критическое мышление, понимание, взаимопонимание, сотрудничество, подход.

Кіріспе

Жаһандану дәуіріндегі мәдениеттердің әртүрлілігі мен этникалық сананың өзгеруінен елімізде бейбітшілік пен келісім, татулық пен бірлік басты құндылықтар болып табылады. Себебі ұлттардың, нәсілдердің, діндердің алуан түрлілігі мен интеграция, көші-қон әсерлерінен әлеуметтік қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз ету мәселесі әлемдік деңгейде өзекті болып отыр. Бұл мәселені шешу саяси, әлеуметтік, мәдени, рухани жағдайларда ғана емес, білім

беру процесін ұйымдастыруда толеранттылық құндылықтарға негізделген көпмәдениетті кеңістікте жүзеге асырылуды қажет етеді.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев (2012) «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағытында: «Біз бірлік пен татулық құндылықтарын қоғамның іргетасына, қазақстандық ерекше толеранттылықтың негізіне айналдырдық. Біз ұят, толеранттылық және төзімділік еркіндігі принциптерін қастер тұтуымыз керек», – деп тұжырымдаса, «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім,

қоғамдық оптимизм» атты жолдауында мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаев (2024): «Қазақстанда тіліне, дініне, ұлтына, әлеуметтік жағдайына және басқа да себептерге байланысты ешкімге ешқандай қысым жасалмайды, жасалуы да мүмкін емес», – деп қазақ халқының қашанда кең пейілімен, толеранттылығымен ерекшеленетіндігін атап көрсетті.

Бұл толеранттылықты білім беру процесінде болашақ педагогтердің сыни ойлауын қалыптастыруда әртүрлі пікірлерді, мәдениеттер мен құндылықтарды қабылдау және оларға құрмет пен ашық көзқарас білдіруде негізгі құндылық, принцип ретінде өзектілігін айқындайды.

Толеранттылық болашақ педагогтердің сыни ойлауында объективті талдау, дербес қорытынды жасау және ақпаратты бағалау дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Сонымен қатар болашақ педагогтердің кәсіби этикасының ажырамас бөлігі ретінде педагогикалық кәсіптің құндылығы болып табылады. Ол ашық болу, мектептегі білім алушылардың әртүрлі пікірлері мен мәдени ерекшеліктерін ескеруге дайын болуынан, гуманизм, эмпатия, жауапкершіліктен көрінеді. Педагогикалық шешім қабылдауда толеранттылықтың рөлі болашақ бастауыш сынып педагогтері оқыту мен тәрбиелеуге қатысты шешімдер қабылдауда білім алушылардың мәдениеті, жынысы, әлеуметтік жағдайына бейтарап бағалауда сыни ойлауын күшейтуге көмектеседі. Ал, болашақ педагог-психологтар үшін әр баланың қажеттіліктері мен қабілеттерін ескере отырып білім алушылардың бойында өзара құрмет сезімін дамыту негізінде сыни ойлауда дәлелдер негізінде талдау, қорытынды жасау қабілеттерін үйретеді. Бұл біржақты шешімдерден аулақ болып, әртүрлі білім алушылармен бірдей шарттармен жұмыс жасауға және салмақты шешімдер шығаруда қажетті сыни ойлауды күшейтеді.

Болашақ педагогтердің сыни ойлауын қалыптастыру әлеуметтік-педагогикалық мәселе ретінде педагогикалық сұрақтарды шешу, педагогикалық жағдайларды жалпылау және түрлендіру, педагогикалық шешімдер қабылдау, орындау, білім алушылардың жас және дара ерекшеліктеріне сәйкес толеранттылық тәсілдемесі қолдануына байланысты.

Web of Science (Вэб оф Сайнс) және Scopus (Скопус) халықаралық деректер базасында жарияланған білім беруге арналған ғылыми жарияланымдарды талдау барысында толеранттылық тәсілдеме болашақ педагогтердің сыни ойлауын дамытуда 4 бағытта қарастырылған:

1) *Жекелікті (дара ерекшелікті) құрметтеу.* Әрбір адам жеке және дара тұлға. Толеранттылық тәсілдеме бірегейлікті тануды, яғни, басқа адамның таңдауын және жеке көзқарасын құрметтеуді үйретеді;

2) *Әртүрлілікті (айырмашылықты) қабылдау.* Адамдар ұлты, діні, мәдениеті, жынысы және басқа да көптеген аспектілері бойынша ерекшеленеді. Толеранттылық тәсілдеме аталған айырмашылықтарды білуге және оларды өзгертуге емес, бірлесіп жұмыс істеуге бағыттайды;

3) *Тыңдау және диалог.* Толеранттылық тәсілдеме басқаларды бірден өз көзқарасын айтып сендіруге тырыспай-ақ тыңдауға және түсінуге дайындайды. Диалог ретінде басқаның көзқарасын жақсы түсінуге және ортақ тіл табысуға көмектеседі.

4) *Сынды қабылдай білу және келісімге келу.* Толеранттылық тәсілдеме өз пікірлерінен өзгеше пікірлерді сабырлы түрде қабылдай білу және қажет болған жағдайда агрессиясыз келісімге келу.

Болашақ педагогтердің сыни ойлауын қалыптастыруда толеранттылық тәсілдеме жоғарыда аталған бағыттарға сәйкес 3 шеңберде топтастырылады:

1) *Ұйымдастыру: пікірталастарды ұйымдастыру, мәдени әртүрлілікпен жұмыс істеу, даулы мәселелерді талқылау.* Бұл болашақ педагогтердің әртүрлі көзқарастарды талдауды үйрену арқылы сыни ойлауын дамытуға көмектеседі.

2) *Қатысу: дөңгелек үстелдер, диалогтар, пікірталастар, рөлдік ойындар және көп мәдениетті топтарда жұмыс істеу.* Бұл студенттерді сыни ойлауын дамытудың нақты жолдарын сипаттайды.

3) *Ықпал ету: құрмет, эмпатия.* Бұл студенттердің сыни ойлауын қалыптастыруда құрмет пен эмпатия адамгершілік пен әртүрлі көзқарастарды түсінуге бағыттайды.

Сондықтан да толеранттылық тәсілдеме сыни ойлауға оң әсер етеді, болашақ педагогтердің жағдаяттарды әртүрлі деңгейде қарастыру қабілетін нығайтып, ақпараттарды біржақты талқыламай, бағалау дағдыларын да дамытады.

Әдебиетке шолу

Толеранттылық тәсілдемені зерттеушілер ғылымдардың әртүрлі бағыттарында қарастырады. Еуропаның әртүрлі контексттеріндегі иммиграцияға қатысты білім берудегі рөлін

Уманский К. және т.б. (2025), мектепке дейінгі ұйымдарда әртүрлі мәдени және тілдік топтардағы балаларды тәрбиелеудегі жолдарын Экер А. және Найланд Б. (2025), кәсіби оқыту процесінде сыни ойлауға тәрбиелеудегі механизмдерін Лейбович Ю.М. және т.б. (2025), сыныптағы бұқаралық ақпарат құралдарымен білім алушыларды сыни ойлауға үйретудегі маңызын Касас-Розал Дж. С. және т.б. (2025), компьютерлік сауаттылықты дамытудағы сыни ойлаудың мәнін Ли Юлун және Сяоцин Лю (2025), білім алушылардың сыни ойлауындағы жасанды интеллекттің ерекшеліктерін Друшляк М. және т.б. (2025), студенттердің сыни ойлауын дамытудағы конструктивтік оқыту теорияларының өзектілігін Ван П. және т.б. (2025), студенттердің тіл үйрену кезіндегі есте сақтау белсенділігін Карраседо Хуан Мануэль Кастро (2025), сыни құзыреттіліктерді бағалау үшін тесттерді әзірлеудегі және тексерудегі нәтижелердің дұрыстығын Уррутия М.Л. және т.б. (2025), машиналық оқытудың негізінде сыни ойлауды дамытудың бағыттарын Пеллас Н. (2025), студенттердің метатанымдық санасын дамытуда өзіндік тапсырмаларды орындаудағы сыни ойлауын Сассон И. және Тиферет С. (2025) зерттеулерінде көрсетеді.

Ғалымдардың еңбектерінде сыни ойлаудағы толеранттылық адамдардың бір-біріне деген қарым-қатынастарынан байқалатынын және жұмсақ дағдыларды дамытуға көмектесетіндігін негіздейді.

Жоғарыда талданған ғылыми мақалаларда гуманитарлық және жаратылыстану-математикалық пәндер бойынша толеранттылық тәсілдеме цифрлық технологияларды қолданылу жағдайында болашақ педагогтердің сыни ойлауын дамытуда зерделенеді. Болашақ педагогтердің сыни ойлауын қалыптастыруда толеранттылық білім алушылармен қарым-қатынасқа түсуде мамандыққа деген қызығушылықты арттырып қана қоймай, кәсіби жауапкершілікті алуға және практикалық дағдыларды жетілдіруге көмектеседі. Білім алушылармен қарым-қатынас барысында жұмсақ дағдылар өзіндік тапсырмаларды орындау кезінде болашақ педагогтерде сыни ойлау өндірістегі принциптер негізінде жүзеге асырылады. Болашақ педагогтердің мамандығына деген жауапкершілігі артып, сабақ беру әдістемесі жаңа идеяларға толы болады. Білім алушыларды әлеуметтік ортаға бейімдей отырып, өзіндік позицияларын қалыптастыруда сыни ойлау жолдарын тұлғааралық үйлесімділікке, тиім-

ді өзара қарым-қатынасқа әкеледі. Бұл толеранттылықтың түсіну, құрметтеу, қолдау, көмектесу әрекеттерімен тікелей байланысты.

Зерттеу материалдары мен әдістер

Тақырыпты зерделеу барысында білім беру саласы бойынша алыс және жақын шетелдік ғалымдардың зерттеулеріндегі материалдарға талдау жасалынды. Себебі, толеранттылық және сыни ойлау мәселелері бірнеше бағыттарда қарастырылған. Оларды келесідей топтастырдық:

1) *Ғылыми мақалалардағы зерттеулер бойынша* қазақстандық, ресейлік, шетелдік «педагогика», «психология», «білім» серияларындағы ғылыми журналдардағы мақалалар зерделенді. Білім беру ортасында сыни ойлауды қалыптастыруда толеранттылық тақырыбы теориялық және практикалық аспектілерде қарастырылған. Авторлардың басым көпшілігі көпмәдениетті білім беру саласындағы толеранттылық тәсілдемені Джеймс А. Бэнкс (1996) мектебіндегі мәдениетаралық қарым-қатынастың маңыздылығына баса назар аударған.

2. *Оқулықтар мен әдістемелік құралдар бойынша* қазақстандық, ресейлік, шетелдік ғалымдар толеранттылыққа тәрбиелеу стратегиялары негізінде көпұлтты сыныптарда жұмыс істеу дағдыларын сипаттайды. Білім беру ортасында сыни ойлауды қалыптастырудағы толеранттылық тақырыптары бойынша сыныптарда толерантты климатты орнатудағы практикалық кеңестерге басымдық беріледі. Әсіресе В.Я. Ляудис (1996) және Н.Б. Крылова (1994) еңбектеріндегі педагогикалық этика мен толеранттылық жөніндегі нұсқаулыққа әдістемелік ұсыныстар көрсетіледі.

3. *Нормативтік құжаттар және халықаралық декларациялар бойынша* қазақстандық, ресейлік, шетелдік қолжетімді ақпараттар ЮНЕСКО-ның «Толеранттылық принциптерінің декларациясын» (1995) негізгі құжат ретінде көрсетеді. Ғалымдардың зерттеулерінде аталған құжатты тәжірибеде студенттермен талқылап және талдап, болашақ педагогтердің сыни ойлауын қалыптастыруда толеранттылықты түсінудің негіздері ұсынылады. Сонымен қатар құжатта берілген қағидалар студенттерге қазіргі уақыттағы инклюзивті білім берудің нормативтік құжаттарында, орта білім беру мекемелеріндегі толеранттылыққа тәрбиелеу стратегияларында, заңдар мен ережелердегі толеранттылық тәсілдемелердің құқықтық аспектілерін түсінуге көмектеседі.

4. *Психологиялық тренингтер мен жаттығулар бойынша* қазақстандық, ресейлік, шетелдік педагог-психологтар мәдениетаралық және эмоционалды құзыреттілікті дамыту бойынша тренингтерді болашақ педагогтердің сыни ойлауын қалыптастыруға ұсынады. Эмпатияны қалыптастыруға, мәдени айырмашылықтарды түсінуге және тиімді қарым-қатынас дағдыларын дамытуға бағытталған арнайы жаттығулар, семинарлар мен рөлдік ойындар толерантты мінез-құлықты қажет ететін жағдайларда басшылыққа алынады. Қазіргі уақытта ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жұмыс жасауда, жанжалдарды шешу, әртүрлі мәдени және әлеуметтік ерекшеліктері бар білім алушылармен жұмыс кезеңінде байқалады.

5. *Кейстер және практикалық тапсырмалар бойынша* қазақстандық, ресейлік, шетелдік практиктер мәдениетаралық жағдаяттардың мысалдарын ұсынады. Болашақ педагогтер айырмашылықтарға байланысты әртүрлі мәселелер туындауы мүмкін болатын жағдайларды талдауда толеранттылық тәсілдеменің стратегияларын жасай алады. Сонымен қатар жанжалдарды шешуге арналған практикалық тапсырмаларда, тұлғааралық және мәдениетаралық деңгейлерде туындайтын күрделі жағдаяттарды шешуге бағытталған міндеттерде студенттер толеранттылықты практикада қолдануға үйренеді.

6. *Бейнематериалдар мен дәрістер бойынша* болашақ педагогтердің сыни ойлауын қалыптастыруда толеранттылық тақырыбындағы деректі фильмдер мен бейне дәрістер маңызды рөл атқарады. Фильмдер мен бейне курстар толерантты мінез-құлықтың әртүрлі аспектілерін ашады және нақты мысалдарды көрсетеді. Мысалы, толеранттылық пен көпмәдениеттілік туралы TED Talks, онлайн және оффлайн курстар. Әсіресе ғалымдар толеранттылық модульдерін табуға болатын инклюзивті білім беру мен көпмәдениетті білім беру курстары бар Coursera және EDX платформаларын ұсынады.

7. *Анықтамалық және интерактивті ресурстар бойынша* қазақстандық, ресейлік, шетелдік электрондық кітапханалар мен анықтамалық материалдар қарастырылды. Әсіресе, ғалымдар сыни ойлау және толеранттылықты қалыптастырудың педагогикалық, психологиялық мәселелерін Google Scholar, eLibrary немесе JSTOR сияқты мәліметтер базасында жиі қарастырғандығы кездеседі. Олар интерактивті жаттығулар мен тесттер арқылы сыни ойлауды қалыптастыруды, мәдени айырмашылықтарды қабылдау және біржақтылықты талдауды, тек-

серуге арналған тапсырмалардың нәтижелері мен студенттердің өзіндік көзқарастарын білуді, толерантты ойлау мен сыни ойлауды дамыту жолдарын көрсетеді.

Нәтижелер

Біздің қарастырып отырған тақырыбымыздың аясында жарияланған ғылыми материалдарды талқылап, болашақ педагогтердің сыни ойлауын қалыптастырудың толеранттылық тәсілдемесін 4 деңгейде топтық әдістер арқылы жүргіздік. Олар:

1) «Жүйелік ойлау» деңгейі – педагогикалық жағдаяттарды өзіндік бағалау және оның шешімін ұсынудың дағдылары. Топ мүшелері фактілер мен ақпараттарды өңдейді, оларды сыни түсініп, өз ойларын анық айтады және басқаларға өзіндік бағаларын тұжырымдайды. Іс-әрекеттің жеке, дербес сипаты сыни ойлаудың дамуын қамтамасыз етеді.

2) «Рефлексиялық» деңгей – көзқарасты талқыға салу және эмоцияларды басқару қабілеті. Топ мүшелеріне бірқатар мәселелер беріледі. Студенттер белгілі бір мәселеде көзқарастарын салыстырады, идеяларды топ болып талқылайды, қызықтыратын сұрақтарға жауап тауып, тыңдай білу арқылы эмоцияларды меңгереді.


3) «Шығармашылық» деңгей – мәселелерді анықтау және қазіргі педагогикалық жағдаяттардан шығудың жолдарын табу, өзіндік пікірін ашық айту қабілеті.

4) «Коммуникативтілік» деңгей – әңгімелеушіні тыңдау және есту қабілеті.

5) «Бағалаушылық» деңгей – дәлелдерді бағалау және қабылдау дағдылары.

Ж. Ташенев атындағы университетте оқитын студенттерге жоғарыда анықталған деңгейлер бойынша сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға «Педагогика және психология», «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандықтары бойынша 85 студент қатысты (1-сурет).

Сауалнаманың нәтижесінде «Бағалаушылық» деңгейі бойынша студенттердің 42%-ы «иә», 58%-ы «жоқ» деп жауап берсе, «Коммуникативтілік» деңгейі бойынша 39%-ы «иә», 61%-ы «жоқ» деп жауап берген. Ал, «Шығармашылық» деңгей бойынша 18%-ы «иә», 82%-ы «жоқ» деп жауап берсе, «Рефлексиялық» деңгей бойынша 29%-ы «иә», 71%-ы «жоқ» деп жауап берген. «Жүйелік ойлау» деңгей бойынша 12%-ы «иә», 88%-ы «жоқ» деп жауап берген. Бұл сауалнаманың нәтижесі келесі мәселелерді толеранттылық деңгейлерімен байланыстыруға көмектесті (1-кесте).



1-сурет – Студенттерге жүргізілген сауалнаманың нәтижесі (бастапқы кезең)

1-кесте – Студенттерге жүргізілген сауалнаманың нәтижесінде анықталған мәселелердің толеранттылық деңгейлерімен байланысы

Толеранттылық деңгейлері	Анықталған мәселелер
Жүйелік ойлау	Әдістемелік дайындықтың болмауы: болашақ педагогтерге сыни ойлауды дамытатын әдістер мен тәсілдер жеткілікті түрде үйретілмейді. Оқу бағдарламалары сыни тұрғыдан ойлау бойынша арнайы курстарды немесе модульдерді қамтымауы мүмкін. Бұл студенттерде педагогикалық жағдаяттардағы «білім алушы», «педагог», «мектеп», «отбасы» ақпараттарын терең түсінбестен талдауға, дәлелдеуге және дұрыс сұрақ қоюға қабілетсіз дағдыларды қалыптастыруға әкеледі Дәстүрлі оқыту әдістерін қолдану: жоғары білім беру жүйесі көбінесе талдау мен сынға емес, ақпаратты есте сақтауға бағытталған репродуктивті оқыту әдістеріне негізделген. Бұл студенттердің талдау, ақпаратты бағалау және өзіндік ойлау дағдыларын дамытуға кедергі келтіреді
Рефлексиялық	Практикалық тапсырмалар мен жағдаяттардың (кейс) тәжірибеде қолданбауы: сыни тұрғыдан ойлау практикалық жағдаяттармен жұмыс жасау және нақты тапсырмаларды талдау арқылы дамиды. Алайда университеттердің оқу бағдарламаларында мұндай тапсырмалар жеткіліксіз болуы мүмкін. Бұл студенттердің сыни көзқарастарын дамуын шектейді Стереотиптер және когнитивтілік бұрмаланулардың болуы: студенттерде ақпаратты объективті қабылдау мен талдауға кедергі келтіретін стереотиптер мен когнитивті бұрмаланулар болуы мүмкін. Бұл білім алушы туралы ақпаратты объективті қабылдауға кедергі келтіретін ойлаудағы жүйелі қателіктер болғанда рефлексия білуге және түзетуге көмектеседі. Мысалы, ерекше білім беруді қажет ететін баланың қабілеті төмен, әлеуметтік отбасыдан шыққан баланың оқуға деген ынтасы аз, білім алушының тапсырманы жалқаулықтан орындай алмауы т.б. Болашақ педагогтер өздерінің бейімділіктерін білмегендіктен, сыни ойлауды қалыптастыруда қиындықтарға тап болады
Шығармашылық	Пікірсайыстар мен дискуссиялардағы шектеулі мүмкіндіктердің болуы: сыни ойлауды дамыту үшін пікірсайыстар мен дискуссияларға қатысу тәжірибесі маңызды, мұнда студенттер өз ұстанымдарын дәлелдеуге, әртүрлі көзқарастарды талдауға және логикалық қателіктерді табуға үйренеді. Алайда оқу орындарында аталған форматтар жиі болмағандықтан сыни тұрғыдан ойлау тәжірибесі шектеледі Жылдам өзгеретін ақпараттық кеңістікке бейімделу қажеттілігі: студенттер әртүрлі дереккөздерінен алынған ақпаратты, әсіресе цифрландыру дәуірінде және деректердің үлкен көлемінің қолжетімділігін сыни тұрғыдан бағалай білуі керек. Бұл болашақ педагогтерде интернеттегі ақпаратпен жұмыс істеу, дереккөздердің дұрыстығын бағалау және жалған ақпараттарды анықтау дағдыларының қалыптасуына әкеледі

Толеранттылық деңгейлері	Анықталған мәселелер
Коммуникативтілік	Мысалдар мен рөлдік үлгілерінің болмауы: студенттерге бағдарлауға болатын мысалсыз сыни ойлауды дамыту қиынға соғады. Бұл студенттерде белсенді тыңдау, кәсіби қарым-қатынас орнату, педагогикалық тренинг жүргізуде байқалады. Егер оқытушылардың өздері оқуда және студенттермен қарым-қатынаста сыни ойлауды көрсетпесе, онда студенттер оны өздігінен дамытуға аз ұмтылады
	Рефлексияны қалыптастырудағы қиындықтардың болуы: сыни тұрғыдан ойлау рефлексиямен тығыз байланысты. Студенттердің өз ойларын, шешімдері мен әрекеттерін талдау мүмкіндігі. Алайда болашақ педагогтерде рефлексия дағдылары жеткіліксіз дамығандықтан өздерінің қателіктері мен бұрмалануларын түсінбеуі мүмкін
Бағалаушылық	Сыни ойлауды бағалау мәселесінің болуы: оқу орындарында сыни ойлауды бағалау қиындық тудырады, өйткені дәстүрлі тесттер мен емтихандар талдау, дәлелдеу және ақпаратты сыни тұрғыдан қабылдау дағдыларын объективті түрде бағалай алмайды
	Өзгерістерге толеранттылықтың болуы: болашақ педагогтер өзіндік көзқарастарын өзгерту қажеттілігіне қарсы тұра алады, өйткені сыни тұрғыдан ойлау үнемі қайта қарауды және бейімделуді қамтиды. Бұл дәстүрлі оқыту әдетінен және жаңа тәсілдерді игерудегі ішкі кедергілерден туындауға әкеледі

Сыни ойлауды табысты қалыптастыру үшін болашақ педагогтерде аталған мәселелерді қарастыратын арнайы курстар мен тәсілдемелерді енгізу, сондай-ақ тәжірибе, рефлексия және талқылау үшін жағдай жасау маңызды орын алады.

Студенттермен «толеранттылық тәсілдеме», «сыни ойлау» мәселелері бойынша әңгімелесіп, аудиториялық сабақтарда жоғарыда анықталған мәселелерді толеранттылықтың келісі компоненттерімен (түсіну, өзара түсіну, ынтымақтас-тық) шешу көзделді (Сейдина, 2018).

Бұл бізге болашақ педагогтердің сыни ойлауын қалыптастыруда ғалымдардың зерттеулеріндегі келесідей кезеңдерде толеранттылық тәсілдемесін қолдануға мүмкіндік берді (2-сурет).


Сыни ойлауды қалыптастыру кезеңдері бойынша топтарды ұйымдастырғанда барлық студенттердің тең қатысуына ықпал етілді. Оларға сұрақтар қоюға және дәлелді жауаптар беруге ынталандырылды. Тапсырмаларды орындау кезінде қолдау көрсетіліп, олардың жауаптарын өздері табуға мүмкіндік берілді.

Дайындық кезеңінде студенттерге мақсатты айқындау, материалдарды таңдау және жайлы орта құруға мүмкіндік берілді. Студенттерге мақсатты айқындауда мәдени айырмашылықтарды құрметтеу, эмпатияны дамыту, жанжалдарды алдын алу түсіндірілді. Мұнда сыни ойлаудағы мәдениеттілік көзқарастың аспектілеріне әсер ету анықталды. Ал, материалдарды таңдауда білім берудегі сыни ойлауға қатысты

мақалалар, бейнелер, әртүрлі кейстер секілді өзекті материалдар таратылды. Жайлы орта құруда қатысушыларға шешім шығарудан қорықпайтын өзіндік ойларын жеткізе алатын қауіпсіз кеңістік қамтамасыз етілді.

Топтарға бөлу және нұсқаулық кезеңінде студенттер арасынан нақты топтар құрылып, арнайы нұсқаулықпен жұмыс жасауға мүмкіндік берілді. Топтар 4-6 адамнан әртүрлі пікірлері мен тәжірибелері бар студенттер арасынан құрылды. Осы кезеңде нақты нұсқаулар берілді. Олар: мақсат, жүргізу формасы мен ережелер. Мұнда қатысушылар бірін-бірі тыңдайды және ешкімге кедергі жасамау туралы келісімге келеді.

Сыни ойлауды құрылымдауда біз пікірталас, рөлдік ойындар мен кейстер, жағдаяттарды шешу және интерактивті әдістерді қолдандық. Білім беру бағдарламасында берілген пәндер аясында әртүрлі кейстер мен рөлдік ойындар және ынталандыратын өзекті сұрақтар дайындалды. Мысалы, егер, Сіздің сыныбыңыздағы білім алушы басқа біреудің мәдениетін түсінбейтін немесе ұнатпайтынын білдірсе, қандай әрекет жасайсыз? Осы секілді сұрақтар жүзеге асырылды. Рөлдік ойындарда топтар толеранттылықты қажет ететін жағдаяттарды талқылады. Бұл әртүрлі көзқарастарды тереңірек түсінуге көмегін тигізді. Интерактивті әдістер студенттердің түсініктерін кеңейтіп, әртүрлі сұрақтармен талқылауларға алып келді. Ең тиімді болған «Станциялар» әдісі болды.



2-сурет – Сыни ойлауды қалыптастырудың кезеңдері

Рефлексия және жалпылау кезеңінде нәтижелер талқыланды. Әр топ өзіндік нәтижелерімен бөлісті және анықтаған жалпы ойлар ортаға салынды. Жеке деңгейдегі рефлексияда қатысушыларды сұрақтарға жауап беруге шақырылды. Жиі қойылған сұрақтар келесідей болды: Көзқарасым қалай өзгерді? Мен өзім туралы және өзімнің көзқарастарым туралы не түсіндім? Бұл толеранттылықтың маңыздылығын түсінуге көмектесті.

Бағалау және кері байланыс кезеңінде студенттердің қабылдауын бағалау арқылы жақсартуға қажетті аспектілерді анықтау үшін анонимді сауалнамалар немесе қысқаша сауалнамалар жүргізілді. Ал, материалдарды бекітуде студенттерге білімдерін тереңдетуге көмектесетін ресурстар (мақалалар, кітаптар, бейнелер т.б.) берілді.

Жоғарыда аталған кезеңдердің реттілігін сақтай отырып, біз болашақ педагогтердің сыни ойлауын қалыптастыруда тиімді әдістердің жиынтығын топтастырдық. Бірінші, білім берудегі өзекті тақырыптар бойынша тұрақты талқылауларды ұйымдастыруда әртүрлі көзқарастарды сыни тұрғыдан талдауға ынталандыратын пі-

кірталастар болып табылады. Екінші, педагогикалық жағдаяттарды талдау. Студенттер нақты немесе ойдан шығарылған педагогикалық жағдайларды талдау арқылы өзіндік шешімдерін бағалауға, талдауға және ұсынуға мүмкіндік алды. Ал, диалог әдісі «оқытушы – студент», «студент – оқытушы», «студент – студент» диалогында оқытушы студенттерге (студенттер оқытушыға және студенттер бір-біріне) бірнеше нақтылау сұрақтары арқылы тақырыпты терең түсінуге жетелейтін сұрақтар қояды. Әдіс дәлелдерді талдау дағдыларын дамытуға көмектесті. Сонымен қатар студенттердің логикалық қателер мен қайшылықтарды анықтауы үшін ғылыми мақалалардағы мәтіндермен жұмыс жасайтын «мәтіндерді сыни талдау» әдісі тиімді болды. Бұл әдіс ақпарат көздерін сыни тұрғыдан оқу және бағалау дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді.

Талқылау

Біз студенттермен жүргізілген жұмыстарымызда толеранттылықтың компоненттері негізінде сыни ойлауға қойылатын өлшемдерді анықтадық (2-кесте).

2-кесте – Сыни ойлаудың өлшемдері

Толеранттылық компоненттері	Сыни ойлаудың өлшемдері
Түсіну	Талдау қабілеті негізінде ақпаратты бөліктерге бөлу, негізгі идеяларды анықтау және олардың арасындағы байланысты түсіну. Бұл болашақ педагогтердің оқу процесін талдауына және білім беру стратегияларының күшті және әлсіз жақтарын көруіне көмектеседі
	Ақпараттың дұрыстығын бағалау негізінде сенімді дереккөздерді ажырата білу, біржақтылық пен жалған ақпараттарды анықтау жүзеге асырылады. Бұл болашақ педагогтерді үнемі жаңартылып отыратын мәліметтердің өзекті және сенімді деректерді таңдай алуына, білім беру саласында маңызын түсінуіне үйретеді
Өзара түсіну	Логикалық ойлау негізінде стереотиптерден аулақ болып, логика мен дәлелдерге сәйкес тұжырымдарды өзара түсіну. Болашақ педагогтерді фактілер мен деректерге сүйене отырып, өз пікірлерін құрастыра білуіне және қорытынды жасай алуындағы өзара түсінуіне әкеледі
	Шығармашылық негізінде болашақ педагогтер өндірістегі мәселелерді зерделей отырып, әртүрлі білім алушыларға қолданылатын оқыту әдістерін бейімдеуге көмектесетін жаңа идеялар мен стандартты емес шешімдерді құру мүмкіндігінде өзара түсіністікке ие болады
Ынтымақтастық	Аргументация және көзқарасты қорғау негізінде өзіндік көзқарастарын тұжырымдау және негіздеу, басқалардың пікірлерін құрметтеу. Бұл болашақ педагогтерге диалог жүргізуге және білім алушыларына үйретудегі ынтымақтастықты көрсетеді
	Эмпатия негізінде басқа адамдардың позицияларын түсіну және балама көзқарастарды ескерудегі ынтымақтастық. Болашақ педагогтердің сыни ойлауы білім алушылар мен әріптестерінің көзқарастары мен тәжірибелеріне құрметпен қараудағы үйлесімділікке әкеледі

Болашақ педагогтердің сыни ойлауын қалыптастыруда толеранттылықтың түсіну, өзара түсіну және ынтымақтастық компоненттері бойынша жоғарыда көрсетілген кезеңдерге (2-сурет) сәйкес экспериментте келесідей нәтижелерге қол жеткіздік: 1) Түсіну компонент бойынша мәдениеттердегі, көзқарастардағы, дәстүрлердегі және сенімдер мен нанымдардағы айырмашылықтар туралы хабардар болуды, қабылдауды қамтыдық. Студенттер басқалардың пікіріне ашық болуы және айырмашылықтарды құрметтеуі түсінудің дамуына әкелетіні анықталды. Басқа мәдениеттерге деген құрмет деңгейінің жоғарылауы біржақты көзқарастарды азайтуды қамтыды. 2) Өзара түсіністік компонент бойынша қарым-қатынас дағдылары мен айырмашылықтарға қарамастан ортақ тіл таба білумен байланысты болды. Өзара түсіністікке қол жеткізген кезде студенттер бір-бірінің мотивтерін, құндылықтары мен сезімдерін оңай түсінді. Бұл күшті әлеуметтік байланыстардың қалыптасу нәтижесінде қақтығыстардың азаюына ықпал етті. 3) Ынтымақтастық компонент бойынша бірлескен іс-әрекетте ортақ мақсаттарға жетуге дайындық қамтылды. Студенттердің топтағы өнімді өзара әрекеттесуі үшін маңызды сенім мен қолдау атмосферасын құру маңызды болды. Топтық жұмысты жақсартуды, мәселелерді сәтті бірлесіп шешуді және жалпы жауап-

кершілікті дамыту жүзеге асырылды. Аталған компоненттер негізінде сыни ойлауды дамытуда студенттер арасындағы қарым-қатынас жақсара түсті, жанжал деңгейі төмендеді және өзіндік қабылдауда біртұтас ұжым қалыптастыруға ықпал етті. Содан кейін сауалнаманы қайтадан жүргіздік (3-сурет).

Сауалнаманың нәтижесінде «Бағалаушылық» деңгейі бойынша студенттердің 55%-ы «иә», 45%-ы «жоқ» деп жауап берсе, «Коммуникативтілік» деңгейі бойынша 74%-ы «иә», 26%-ы «жоқ» деп жауап берген. Ал, «Шығармашылық» деңгейі бойынша 35%-ы «иә», 65%-ы «жоқ» деп жауап берсе, «Рефлексиялық» деңгейі бойынша 49%-ы «иә», 51%-ы «жоқ» деп жауап берген. «Жүйелік ойлау» деңгейі бойынша 43%-ы «иә», 57%-ы «жоқ» деп жауап берген. Бұл сауалнаманың қорытындысы келесідей нәтижелерді анықтады: 1) Сыни тұрғыдан ойлау мен толеранттылық бір-бірімен тығыз байланысты, себебі екеуі де ақпаратты саналы түрде қабылдауға, басқа көзқарастарға құрметпен қарауға және жағдаяттарды объективті түрде талдау мен бағалауға бағытталған. 2) Толеранттылықтың түсіну компоненті сыни ойлауда ақпаратты талдауға мүмкіндік береді, себебі түсіну асығыс қорытынды жасамай, әртүрлі көзқарастарды объективті түрде қарастыруға көмектеседі. 3) Толеранттылықтың өзара

түсіну компоненті сыни ойлауда аргументтерді бағалауды қамтиды, себебі мәселенің барлық мүмкін болатын аспектілерін ескере отырып, басқалардың дәлелдерін тыңдауға, құрметтеуге, логиканы көруге үйретеді, біржақтылықтан аулақ болып, ұтымды негіздемелер табады. 4)

Толеранттылықтың ынтымақтастық компоненті сыни ойлауда жаңа ақпарат пен дәлелдер негізінде өз көзқарастарын қайта қарауға дайын болуды айқындайды, себебі ынтымақтастық басқалармен өзара әрекеттесу жағдаяттарында перспективаларды кеңейтеді.



3-сурет – Студенттерге жүргізілген сауалнаманың нәтижесі (Соңғы кезең)


Scopus және WOS базаларындағы ғылыми еңбектерге талдау барысында COVID-19 пандемиясынан кейін болашақ педагогтердің сыни ойлауы жасанды интеллект (AI), заттар интернеті (IoT) және машиналық оқытудағы (ML) цифрлық технологияларға басымдық берілгені байқалады. Студенттер мамандықтарының ерекшеліктеріне байланысты цифрлық технологиялармен электрондық білім беру ресурстарына электрондық кітапханаларды пайдалану нәтижесінде қол жеткізе алған.

Кәсіптік білім беру кезінде сыни ойлаудың маңызы рефлексиялық және деңгейлік оқыту кезеңдерінде пәндерге деген қызығушылықты көрсетеді (Бекбаева, 2021). Ж. Ташенов атындағы университет болашақ мамандарды кәсіби дайындауда рефлексиялық және деңгейлеп оқыту кезеңдерінде пәндерге деген қызығушылықты арттыруға мән беріп отыр.

Біздің экспериментімізге қатысқан студенттердің толеранттылық тәсілдеменің деңгейлерін анықтауда толеранттылық компоненттерін білім беру бағдарламасында берілген пәндердің оқу әдістемелік кешеніне қосып, әрбір сабақта бері-

летін тақырыптар арасындағы байланысты сыни ойлауды қалыптастырудың кезеңдеріне (2-сурет) сәйкестендіріп жүргіздік (4-сурет).

Болашақ педагогтердің сыни ойлауын қалыптастыруда толеранттылық тәсілдемесі бастапқы кезең мен соңғы кезең араларындағы айырмашылықтарды салыстыру арқылы талданды. Студенттердің сыни ойлауында *толеранттылықтың түсіну компоненті* бойынша жүйелік ойлау – 54%-ға, коммуникативтілік – 11%-ға, шығармашылық – 16%-ға, рефлексиялық – 32%-ға, бағалаушылық – 17%-ға түскендігі анықталды. Бұл студенттердің толеранттылық өлшемдері бойынша келесілерді көрсетеді: *жүйелік ойлау бойынша* әдістемелік дайындықты және дәстүрлі оқыту әдістерін қолдануды түсіну, *рефлексиялық бойынша* практикалық тапсырмаларды көбейту, стереотиптерге жол бермеу, *шығармашылық бойынша* пікірсайыстар мен дискуссияларды шектемеу, *коммуникативтілік бойынша* мысалдар мен рөлдік үлгілерді ұсыну, рефлексияны қалыптастыру, *бағалаушылық бойынша* бағалау мәселесінің болуын түсіну, өзгерістерге дайын болу.



4-сурет – Студенттерге жүргізілген эксперимент нәтижелері

Студенттердің сыни ойлауында *толеранттылықтың өзара түсіну компоненті* бойынша жүйелік ойлау 28%-ға, коммуникативтілік 10%-ға, шығармашылық 10%-ға, рефлексиялық 15%-ға, бағалаушылық 8%-ға көтерілгендігі анықталды. Бұл студенттердің толеранттылық өлшемдері бойынша келесілерді көрсетеді: *жүйелік ойлау бойынша* сыни ойлауды дамытатын әдістер мен тәсілдер жеткілікті түрде үйретудегі өзара түсіністік, репродуктивті оқыту әдістерін жаңа цифрлық әдістермен байланыстыру, *рефлексиялық бойынша* практикалық жағдаяттармен жұмыс жасау, когнитивтілік бұрмалануларды болдырмау, *шығармашылық бойынша* пікірсайыстар мен дискуссияларға қатысу тәжірибесін күшейту, *коммуникативтілік бойынша* мысалды сыни ойлау нұсқаулықтарының болуы, ойлау рефлексиясын дамыту, *бағалаушылық бойынша* бағалауға қиындық тудырмау, өзіндік көзқарастарын өзгертуге үйрену.

Студенттердің сыни ойлауында *толеранттылықтың ынтымақтастық компоненті* бойынша жүйелік ойлау 26%-ға, коммуникативтілік 23%-ға, шығармашылық 6%-ға, рефлексиялық 17%-ға, бағалаушылық 9%-ға көтерілгендігі анықталды. Бұл студенттердің толеранттылық өлшемдері бойынша келесілерді көрсетеді: *жүйелік ойлау бойынша* оқу бағдарламаларында берілген пәндердің тақырыптарына сыни тұрғыдан ойлау бойынша арнайы курстар мен модульдердің арасындағы байланыс, пәнаралық байланыстарды күшейтудегі әртүрлі мамандықтар арасындағы ортақ жағдаяттарды талдаудағы ынтымақтастық пікірталастарды

ұйымдастыру, *рефлексиялық бойынша* нақты тапсырмаларды сыни талдау, кедергі келтіретін стереотиптер мен когнитивті бұрмалануларды жою, *шығармашылық бойынша* өзіндік ұстанымдарды дәлелдеу, әртүрлі көзқарастарды талдау және логикалық қателіктерді табуға үйрететін топтық жұмыстарды ұйымдастыру, *коммуникативтілік бойынша* сыни ойлауды көрсететін жағдаяттардың шешілу жолдары мен кезеңдерін ұсыну, рефлексия дағдыларын жетілдіру, *бағалаушылық бойынша* қабылдау дағдыларын бағалау, жаңа тәсілдерді игеру.

Қорытынды

Сонымен, толеранттылықты болашақ педагогтердің сыни ойлауын қалыптастырудың тәсілдемесі ретінде келесідей қорытындылаймыз:

1) Студенттер әдістемелік дайындықтың қажет екенін жүйелі түсінеді. Дәстүрлі оқыту әдістерін заманауи цифрлық технологиялармен байланыстыруды оқытушының қолдауымен өзара түсінеді. Ал, мамандықтардың ерекшеліктеріне сәйкес ынталандыруда жүйелік ойлау ынтымақтастықты қажет етеді.

2) Студенттер практикалық тапсырмаларда топтық әрекеттесуді түсінеді. Когнитивтілік бұрмалануларды болдырмау бойынша оқытушымен байланыс кезінде өзара түсіністік орнайды. Ал, кедергі келтіретін стереотиптер ынтымақтастық нәтижесінде рефлексияны қажет етеді.

3) Студенттер пікірсайыстар мен дискуссияларға қатысу тәжірибесінде сыни ойлауды түсінеді. Оқытушының қолдауымен өзіндік ұс-

танымдарды дәлелдеуде өзара түсіністік орнайды. Ал, логикалық қателіктерді табуға үйрететін топтық жұмыстарды ұйымдастыруда шығармашылық ынтымақтастық қажет болып табылады.

4) Студенттер мысалдар мен рөлдік үлгілер арқылы сыни ойлауды түсінеді. Мысалды сыни ойлау нұсқаулықтарын оқытушының қолдауымен өзара түсінеді. Ал, кәсіптік тәжірибеде жағ-

даяттардың шешілу жолдарында ынтымақтастық коммуникациясы қажет болып табылады.

5) Студенттер мәселелерді шешуде әртүрлі өзгерістер болатынын түсінеді. Өзіндік көзқарастарды өзгертуде оқытушының қолдауымен бағалауды өзара түсінеді. Ал, бағалаудағы жаңа тәсілдерді қолдануда ынтымақтастық қажет болып табылады.

Әдебиеттер

1. Acker, A., & Nyland, B. (2025). Early childhood pedagogy, human values and the social contract. *Contemporary Issues in Early Childhood*, 1-14.
2. Bekbayeva, Z. S., Galiyev, T. T., Albytova, N., Zhazykbayeva, Z. M., & Mussatayeva, A. B. (2021). Fostering post-secondary vocational students' critical thinking through multi-level tasks in learning environments. *World Journal on Educational Technology: Current Issues*, 13(3), 397-406.
3. Carracedo, J. M. C. (2025). Inquiry-based learning in phonetics and phonology: Promotion of critical thinking skills in an EFL higher education context. *International Journal of Instruction*, 18(1), 1-22.
4. Casas-Rosal, J. C., León-Mantero, C., Gutiérrez-Rubio, D., & Arencibia, O. (2025). Task design to support preservice teacher development of statistical graphic critical thinking skills. *Teaching Statistics*, 1-10.
5. Drushlyak, M., Lukashova, T., Shamonina, V., & Semenikhina, O. (2025). ChatGPT-based simulation helps to develop the pre-service mathematics teachers' critical thinking. *International Journal of Instruction*, 18(1), 153-172.
6. Leibovitch, Y. M., Beencke, A., Ellerton, P. J., McBrien, C., Robinson-Taylor, C. L., & Brown, D. J. (2025). Teachers' (evolving) beliefs about critical thinking education during professional learning: A multi-case study. *Thinking Skills and Creativity*, 56, 1-18.
7. Li, Y., & Liu, X. (2025). Rethinking critical thinking in the dawn of dark times: What role can Greco-Roman philosophies play? *Teaching in Higher Education*, 1-11.
8. Pellas, N. (2025). The role of students' higher-order thinking skills in the relationship between academic achievements and machine learning using generative AI chatbots. *Research and Practice in Technology Enhanced Learning*, 20, 1-28.
9. Pérez, E. D. P. J., Urrutia, M. L., Guirao, P. G., & Guzmán, M. V. C. (2025). Design and validation of CRISENSE, a novel critical competence assessment tool for Spanish adolescents and young adults. *Thinking Skills and Creativity*, 56, 1-18.
10. Sasson, I., & Tifferet, S. (2024). Enhancing Undergraduate Metacognitive Awareness and Self-Efficacy: Effective Instructional Practices for Research Question Formulation. *European Journal of Education*, 1-18.
11. Umansky, K., Weber, D., & Lutz, W. (2025). Revisiting the role of education in attitudes toward immigration in different contexts in Europe. *Genus*, 81(1), 1-15.
12. Wang, P., Yin, K., Zhang, M., Zheng, Y., Zhang, T., Kang, Y., & Feng, X. (2025). The effect of incorporating large language models into the teaching on critical thinking disposition: An "AI+ Constructivism Learning Theory" attempt. *Education and Information Technologies*, 1-23.
13. Назарбаев, Н.Ә. (2012). «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. Стратегия. URL: https://www.akorda.kz/kz/official_documents/strategies_and_programs
14. Сейдина, М.З. (2018). Болашақ әлеуметтік педагогтардың толеранттылығын қалыптастыру (Докторлық диссертация). Астана.
15. Тоқаев, Қ.К. (2024, 2 қыркүйек). «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауы. URL: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-adilet-ti-kazakstan-zan-men-tartip-ekonomikalyk-osim-kogamdyk-optimizm-atty-kazakstan-halkyna-zholdauy-285659>

References

- Acker, A., & Nyland, B. (2025). Early childhood pedagogy, human values and the social contract. *Contemporary Issues in Early Childhood*, 1-14.
- Bekbayeva, Z. S., Galiyev, T. T., Albytova, N., Zhazykbayeva, Z. M., & Mussatayeva, A. B. (2021). Fostering post-secondary vocational students' critical thinking through multi-level tasks in learning environments. *World Journal on Educational Technology: Current Issues*, 13(3), 397-406.
- Carracedo, J. M. C. (2025). Inquiry-based learning in phonetics and phonology: Promotion of critical thinking skills in an EFL higher education context. *International Journal of Instruction*, 18(1), 1-22.
- Casas-Rosal, J. C., León-Mantero, C., Gutiérrez-Rubio, D., & Arencibia, O. (2025). Task design to support preservice teacher development of statistical graphic critical thinking skills. *Teaching Statistics*, 1-10.
- Drushlyak, M., Lukashova, T., Shamonina, V., & Semenikhina, O. (2025). ChatGPT-based simulation helps to develop the pre-service mathematics teachers' critical thinking. *International Journal of Instruction*, 18(1), 153-172.

- Leibovitch, Y. M., Beencke, A., Ellerton, P. J., McBrien, C., Robinson-Taylor, C. L., & Brown, D. J. (2025). Teachers' (evolving) beliefs about critical thinking education during professional learning: A multi-case study. *Thinking Skills and Creativity*, 56, 1-18.
- Li, Y., & Liu, X. (2025). Rethinking critical thinking in the dawn of dark times: What role can Greco-Roman philosophies play? *Teaching in Higher Education*, 1-11.
- Nazarbaev, N.Ä. (2012). "Qazaqstan-2050" Strategiasy qalyptasqan memlekettiñ jaña saiasi bağyty. *Strategia* ["Qazaqstan-2050" Strategy: The new political direction of a formed state. *Strategy*]. URL: https://www.akorda.kz/kz/official_documents/strategies_and_programs (in Kazakh)
- Pellas, N. (2025). The role of students' higher-order thinking skills in the relationship between academic achievements and machine learning using generative AI chatbots. *Research and Practice in Technology Enhanced Learning*, 20, 1-28.
- Pérez, E. D. P. J., Urrutia, M. L., Guirao, P. G., & Guzmán, M. V. C. (2025). Design and validation of CRISENSE, a novel critical competence assessment tool for Spanish adolescents and young adults. *Thinking Skills and Creativity*, 56, 1-18.
- Sasson, I., & Tifferet, S. (2024). Enhancing Undergraduate Metacognitive Awareness and Self-Efficacy: Effective Instructional Practices for Research Question Formulation. *European Journal of Education*, 1-18.
- Seidina, M.Z. (2018). *Bolaşaq әлеуметтік педагогтардың толеранттылығын қалыптастыру [Formation of tolerance in future social pedagogues]* (Doctoral dissertation). Astana. (in Kazakh)
- Toqayev, Q.K. (2024, 2 qyrküiek). «Ädiletli Qazaqstan: zañ men tärtip, ekonomikalyq ösim, qoğamdyq optimizm» atty Qazaqstan halqyna Joldaуy ["Just Kazakhstan: Law and order, economic growth, public optimism" Address to the people of Kazakhstan]. URL: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyñ-adiletti-kazakhstan-zan-men-tartip-ekonomikalyk-osim-kogamdyk-optimizm-atty-kazakhstan-halkyna-zholdauy-285659> (in Kazakh)
- Umansky, K., Weber, D., & Lutz, W. (2025). Revisiting the role of education in attitudes toward immigration in different contexts in Europe. *Genus*, 81(1), 1-15.
- Wang, P., Yin, K., Zhang, M., Zheng, Y., Zhang, T., Kang, Y., & Feng, X. (2025). The effect of incorporating large language models into the teaching on critical thinking disposition: An "AI+ Constructivism Learning Theory" attempt. *Education and Information Technologies*, 1-23.

Авторлар туралы ақпарат:

Сейдина Молдир Зикуровна – PhD, қауымдастырылған профессор м.а., Ж. Ташенев университеті (Шымкент қ., Қазақстан, e-mail: moldir_03_87@mail.ru)

Бекбаева Жанар Сабыровна – PhD, аға оқытушы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті (Астана қ., Қазақстан, e-mail: bekbayeva@inbox.ru)

Махамбетова Жамиля Таргыновна – PhD, аға оқытушы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті (Астана қ., Қазақстан, e-mail: mzhamilyam@gmail.com)

Сведения об авторах:

Сейдина Молдир Зикуровна – PhD, и.о. ассоциированного профессора, университет Ж. Ташенева (г. Шымкент, Казахстан, e-mail: moldir_03_87@mail.ru)

Бекбаева Жанар Сабыровна – PhD, старший преподаватель, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева (г. Астана, Казахстан, e-mail: bekbayeva@inbox.ru)

Махамбетова Жамиля Таргыновна – PhD, старший преподаватель, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева (г. Астана, Казахстан, e-mail: mzhamilyam@gmail.com)

Information about authors:

Seidina Moldir – PhD, professor, Tashenev University (Shymkent, Kazakhstan, e-mail: moldir_03_87@mail.ru)

Bekbayeva Zhanar – PhD, senior lecturer, L.N. Gumilyov Eurasian National University (Astana, Kazakhstan, e-mail: bekbayeva@inbox.ru)

Makhambetova Zhamilya – PhD, senior lecturer, L.N. Gumilyov Eurasian National University (Astana, Kazakhstan, e-mail: mzhamilyam@gmail.com)

Келін түсті 01.12.2024

Қабылданды 01.03.2025